

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КАЗАХСТАНА

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

*Ахметов Жаугашты Байназарұлының
70-жылдық мерейтойына арналған*

БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

АРДАҚТЫ АЗАМАТ, АДАЛ ДОС, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

*К 70-летнему юбилею
Ахметову Жаугашты Байназаровулы*

БИОБИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ



Алматы 2014

УДК
А-900

Құрастырған:

Ардақты азамат, адал дос, ұлағатты ұстаз. Ахметов Жауғашты Байназарұлының 70-жылдық мерейтойына арналған / Биобиблиографиялық көрсеткіш. – Алматы: ҚазҰМУ, 2014. – 73 бет.

Жауапты редактор:

Рамазанова Б.А., Ғылыми жұмыстар және инновациялық жобалар жөніндегі проректоры

Асанова А.Б., Ғылыми кітапхана басшысы
--

С.Ж.Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш «ҚазҰМУ ғалымдарының библиографиясы» биобиблиографиялық көрсеткішінің бастамасы болып табылады.

Бұл көрсеткіш профессор Ахметов Жауғашты Байназарұлының 70-жылдық мерейтойына арналады.

Көрсеткішке ғалымның өмірі мен қызметі туралы мәліметтер, оның ғылыми еңбектері енгізілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіштің ғалым мамандарға, ұстаздарға және магистранттарға, кітапхана қызметкерлеріне берері мол.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый биобиблиографический указатель является началом выпуска серии биобиблиографических указателей «Библиография ученых КазНМУ».

Биобиблиография посвящена 70-летнему юбилею профессора Ахметову Жауғашты Байназаровулы.

В библиографию включены материалы о жизни и деятельности ученого, ее научные и методические публикации.

Биобиблиографический указатель будет полезным ученым-специалистам, преподавателям и магистрантам, работникам библио-тек.



Ахметов Жауғашты Байназарұлы

***ҚазҰМУ профессоры, кафедра меңгерушісі,
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
«Денсаулық сақтау ісінің үздігі»(2004 ж.) атты төс белгісі,
Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығы Ахмет
Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор»(2004 ж.), Денсаулық сақтау
Министрлігі «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төс
белгісімен,
Ахмет Байтұрсынов атындағы «Алтын медалмен» және
ҚазҰМУ «Алтын медалінің» иегері.***



Ж.Б. Ахметов 1944 жылы Өзбекстандағы Тамды ауданының Керізбұлақ елдімекенінде дүниеге келді. 1966 жылы Самарқанд медицина институтын үздік дипломмен бітіріп, сол институттың патологиялық анатомия кафедрасында жұмысқа қалдырылды, 1971 жылдан медицина ғылымдарының кандидаты. 1971-1979 жылдар аралығында Самарқанд медицина институтында өзбек және орыс тілдерінде дәріс оқып, медицинаның өзбек тілінде дамуына зор үлес қосты, кафедраның аға оқытушысы және Республикалық клиникалық аурухананың бөлім бастығы болып қызмет атқарды.

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінде 1979 жылдан бері қызметте. Ж.Б. Ахметов патология терминдерін қазақша сөйлеткен бірінші Ғалым. Алғашқы «Патологиялық анатомия» оқулығы (1993ж) жазылған кезде Қазақстанда, медицина саласында, қазақ тілінде жазылған бірде-бір оқулық жоқ болатын, бұл оқулық Денсаулық сақтау министірлігінің арнайы сыйлығына ие болды. 1994 жылы «Ана тілі» газетінде Ж.Б. Ахметов ұсынған 145 медициналық терминдердің тізімі жарияланды. Сол жылы «Патологиялық анатомия терминдерінің «Орысшала-тынша-қазақша түсіндірме сөздігі », ал 1995 жылы «Патологиялық анатомия » оқулығының жеке бөлімі баспадан шықты.

Ж.Б. Ахметов 1992-1996 жылдар аралығында Ұлт жанашыры есебінде Халықаралық қазақ-түрік университетінде (ХҚТУ) медицина факультетінің физиология, патологиялық физиология және патологиялық анатомия кафедраларының меңгеруші болып жұмыс істеп, ұлттық кадрлар дайындады. 1996 жылы ХҚТУ профессоры болып сайланды.

Ж.Б. Ахметов Республикалық терминология комитетінің мүшесі ретінде медициналық сөздіктер жазуға үзбей атсалысып келеді. КазҰМУ-тінде дайындалған «Орысша- қазақша медициналық сөздіктің»(Алматы, 1999, 242 бет), «Орысша-қазақша, қазақша-орысша медициналық

сөздіктің» (Алматы, 2003, 352 бет), «Ағылшынша-қазақша медициналық сөздіктің» (Алматы, 2003, 600 бет) белді бір авторы. 2003 жылдан бері ҚазҰМУ профессоры. Осы еңбектерін есепке ала отырып «Қазақстан Жоғары оқу орындары қауымдастығы» Ж.Б.Ахметовті Ахмет Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалімен марапатталып, «Жыл оқытушысы» (2004), деп таныды. 2005 жылы Москва ғалымдарымен қосылып «Гистология, цитология және эмбриология атласын» (Москва-Астана, 2005, 400 бет) шығарды, бұл 403 түрлі-түсті суреттермен безендірілген, дүниежүзілік деңгейде жазылған оқу құралы.

Патологиялық анатомия оқулығы 2004,2008,2012 жылдары қайта басылып шықты. Соңғы оқулықтың көлемі 742 бет. Оқулық «Қазақстан Жоғары оқу орындары қауымдастығы» тарапынан басылып шыққандықтан Қазақстанның барлық медициналық жоғары оқу орындарына және белгілі университеттеріне таратылды.

2014 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының тапсырысымен жаңа, көп салалы, көп томдық «Орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздік» шығады,- соның бір авторы да Жауғашты Байназарұлы Ахметов.

Ж.Б. Ахметов патологиялық анатомия саласының білгірі, 10 жыл қатарынан Алматы Денсаулық сақтау департаментінің бас маманы болды. 2004 жылы медицина саласындағы ерен еңбектері үшін Денсаулық сақтау министірлігі Ж.Б. Ахметовті «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» деген төс белгімен марапаттады.

Қазіргі таңда Ж.Б.Ахметов, патологиялық анатомия модулі кафедрасының меңгерушісі, 150-тан астам ғылыми жұмыстардың авторы, «Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында» 12 мақаласы шыққан, Изобретатель СССР(1987), екі медицина ғылымдарының кандидатын дайындаған, 3-ғылыми жоба бойынша жұмыс істеуде. Ж.Б.Ахметов Көкшетау облысы обкомының, Алматы қаласының Бостандық ауданының, Алматы қалалық Денсаулық сақтау департаментінің, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының алғыс хаттарымен марапатталған.

Қазіргі таңда Жауғашты Байназарұлының мерей тойына байланысты Республикалық «Денсаулық» журналында, «Ана тілі» газетінде, «Алматы ақшамында», Халықаралық «Қазақстан-затан» және «Түркістан», «Айқын» газеттерінде көлемді мақалалар басылып шығуда. Республикалық «Білім» телерадиокорпорациясында арнайы көрсетілім берілді.

Ж.Б. Ахметов қайда жүрсе де туған жерім Тамды деп мақтанышпен айтып жүреді. Қорғанбайұлы Қызтуған жазғандай («Киелі өлкем Қызылқұм, Алматы 2009 жыл»). Жауғашты Байназарұлы Тамдының атын шығарып жүрген Қызылқұмның 7 жұлдызының бірі. Ол Мүсірәлі Пірдің Керізбұлақ ауылында туылғанын дәлелдеп «Аңыз Адам» журналына мақала жазған.

Самарқанда 19 жыл жүргенде Тамдының талай азаматтарын ауруханаға жатқызып емдеп жіберген. Тамды ауданының белгілі журналисті Қайыпназар Шотбасов Тамдының аудандық газетінде және Республикалық «Нұрлы жол» газетінде Жауғашты Байназарұлы туралы «Әке арманын арқалаған жігіт» деп үлкен мақала жариялаған (1997жыл).

Жауғашты Байназарұлының әкесі Ахметов Байназар Тамды ауданының ұымдастырушыларының бірі болатын, көп жылдары (1939-1950) райкомда инструктор, 3-ші хатшы болып қызмет атқарған. Өмірінің соңғы жылдары К. Маркс колхозында протком хатшысы болды.

Жауғашты Байназарұлының жұбайы Нәбира Қасымқызы жоғары санатты дәрігер, Қазақ ССР жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1968 - 1971 жылдары Тамдының аудандық ауруханасында бас терапевт болып жұмыс істеген.

Қызы Шолпан ҚазГУ-дың филология факультетін бітірген-оқытушы. Ұлы Нұрлан КИМЭП-ті бітірген Швейцариялық ірі компанияның атқарушы директоры. 4 немересі бар.

*Аса құрметті
Жауашты Байназарұлы!*

*С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ
Ұлттық Медицина Университеті Сізді 70
жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен
құттықтайды!*

*Осы қуанышты күні Сізге зор денсаулық,
отбасыңызға баянды бақыт пен құт-береке,
туған-туысқандарыңызға амандық тілейміз.
Әрқашан биік шыңдардан көрініп, өміріңіз
сәттіліктер мен жаңа жетістіктерге толы
болсын. Бағындырар биіктеріңіз бен алар
асуларыңыз көп болсын!*

*Үлкен құрметпен,
С.Ж.Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ Ректоры
м.в.д., профессор*



Ақанов А.А.

*Алматы қаласы
20 наурыз 2014 жыл*

МЕРЕЙТОЙЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

*Тамдылықтар үшін үлкен
мақтанышымызға айналған ағамыз!*

Сізді, 70 жасқа толған мерейлі мерекеңізбен Өзбекстан Республикасы Науайы облысы Тамды ауданы әкімшілігі атынан және аудан халқы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз Тамды жерінде дүниеге келіп, мектеп қабырғасында жүрген балалық шағыңыздан-ақ үлгілі тәртіп, жоғары үлгеріміңізбен ерекшелініп, бүкіл аудан жастарына өнеге болдыңыз. Білімге деген құштарлығыңыз нәтижесінде Самарқан Медицина институтын үздік бағалармен аяқтап қол жеткіздіңіз. Самарқан Медицина институтында сабақ беріп, медицина мамандарын дайындауға үлкен үлес қостыңыз, кафедра аға оқытушысы және республика Клиникалық ауруханасының бөлім бастығы қызметін атқарып, Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау саласының өркен еңбек сіңдірдіңіз.

Сіздің биік адамгершілік, жоғары парасатыңыз бен мәдениетіңіз, білімділігіңіз бен біліктілігіңіз, қарапайымдылық, кішіпейілдік, еңбексүйгіштік және қажыр-қайратыңыз шәкірттеріңіз зердесінде берік сақталып, олардың ғылым және білімге деген ықыластары арта түсуіне өз үлесіңізді қосқансыз.

Қадірлі Жағашты Байназарұлы, Сіз достығы жарасқан бауырлас екі елдің-тәуелсіз Өзбекстан мен тәуелсіз Қазақстанның медицина ғылымын дамытуға ерен еңбегіңіз сіңіп, ат салысып келесіз. Туысқан екі елде де Сіздің құрметіңіз биік, абыройыңыз жоғары.

Халықаралық Қазақ-түрік университетінің профессоры болып сайландыңыз, 150-ге жуық ғылыми еңбек жаздыңыз, қазақ тілінде «Патологиялық анатомия» оқулығын жазып, патология терминдерін қазақша сөйлеткен бірінші ғалым болдыңыз. Қазақстандағы барша медицина оқу орындары студенттері осы оқулықпенен оқып келуде.

Қазіргі таңда С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің кафедра профессоры ғылыми дәрежесіне иесіз, кафедра меңгерушісі қызметін атқарудасыз.

Медицина саласында жаңа бағыттағы оқулықтар мен сөздіктер жазғаныңыз үшін 2004 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медальмен марапатталып, жоғары оқу орындары бойынша «Жылдың үздік оқытушысы» деп танылғандыңыз, республикалық дәрежедегі «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағына алуыңыз Тамдылықтар үшін үлкен мақтаныш.

Біз Сізді бүгінгі 70 жасқа толып отырған торқалы тойыңызбен Тәуелібай өлкесі, Өзбекстандық бауырларыңыз атынан құттықтай отырып, медицина ғылымының дамуына мұнан кейін де сүбелі үлес қоса беруіңізге тіліктестік білдіреміз.

Денсаулығыңыз мықты, өміріңіз көңілді, еңбегіңіз жемісті болсын.

Отбасыңызға ырыс-ынтымақ, жұмыстарыңызға табыс тілейміз.

*Құрметпен,
Қ.Т.Алдабергенов
Тамды ауданы әкімі,
Өзбекстан Республикасы Олий
Мәжілісі Сенатының мүшесі.*



Ұлағатты ұстаз,тамаша ғалым, тәжірибелі патологоанатом

Аса қадірлі Жауғашты Байназарұлы!

Осы бір тамаша күні Сіздің аса біліктілігіңіз, бай тәжірибеңіз, терең біліміңіз, тамаша адамгершілік қасиеттеріңіз бен іскерлігіңіз үшін шын жүректен Сізге терең сыйластық пен алғысымызды білдіреміз.

Осы жоғары адами және іскерлік қасиеттеріңіз үшін әріптестеріңіз бен шәкіртеріңіз Сізді аса құрметтейді. Ұлағатты ұстаз,тамаша ғалым, тәжірибелі патологоанатом, білікті маман – Сіз өзіңізге берілген жоғарғы атақтар мен сый – марапаттарға лайықты тұлғасыз.

Сізге шығармашылық табыс, ғылыми зерттеу жұмыстарыңызда жаңа жетістіктерге жетіуіңізге тілектеспіз.

Өзіңізге және жақындарыңызға денсаулық, бақыт және молшылық тілейміз!

Барлық уақыттарда және барлығындада сәттілік серік болсын!

*Үлкен құрметпен,
М.Ш.Абдуллаев
ОҚКА директоры,
М.ғ.д.,профессор*



Тіл тағдыры толғандырған азамат

Профессор Ахметов Жауғашты Байназарұлы 35 жылдан бері Қазақ Ұлттық медицина университетінің патологиялық анатомия кафедрасында жұмыс істеп келеді.

27 жасында медицина ғылымының кандидаты болған ол, 1989 жылы докторлық жұмысын аяқтау үшін Москваға кетер кезде кафедрада қазақ тілінде сабақ беретін, дәріс оқитын бір адам табылмай, докторлық диссертациядан ұлт тағдырын жоғары қойып, Москваға бармай Алматыда қалып кетті. Сол күннен бастап «күндіз күлкіден , түнде ұйқыдан қалып» патологиялық анатомия бойынша оқу құралдарын жазуға, сөздіктер құрастыруға кірісіп кетті, себебі ол кезде ең үлкен Ұлттық кітапхананың өзінде қазақ тілінде медицина бойынша бірде бір оқулық жоқ болатын. Алғашқы оқу құралдары ротопринт арқылы басылып шыққанының өзі жағдайдың қиындығын көрсетіп тұр. Баспаларда оқулық шығару мүмкін болмады, баспахана жоспары алдын ала жарияланып, Оқу Министрлігінде бекітіліп қана шығатын. Сол кезде медициналық терминдерді қалыптастыру мәселесіне Ж.Б.Ахметов үлкен қызмет атқарады. «Ана тілі» газетіне жазған хатында(1994ж) «Медицина атауларын қазақ тілінде сөйлету аса күрделі мәселе, себебі олар негізінен латын тілінде туындап, бізге орыс тілі арқылы жеткен. Осыған байланысты латын сөздерін баз қалпында(орысша транскрипциясы түрінде) қалдырған жөн деушілер баршылық, бірақ біздің мақсатымыз қазақ тілінің бар мүмкіндігін пайдаланып, ана тіліндегі оқулықтар тудыру. Тек қазақ тілін терең түсінген, өз мамандығын толық меңгерген, көп толғанып, көп ойлаған адам ғана төл терминдер тудыра алады», деген еді. Осы ойын «Ана тілі» ұжымы қолдап Ж.Б.Ахметов ұсынған 145 терминді «Ана тілі»- газетінің 1994 жылғы 18 нөмірінде «Медицинада жиі қолданылатын аталымдар», деген атпен басып шықты. Одан кейін де (1995ж) сол газетте бір топ

термині жарық көрді. Ж.Б Ахметов 1994 жылы Қазақстанда алғашқы рет «Патологиялық анатомия терминдерінің орысша-латынша-қазақша түсіндірме сөздігін» бастырып шығарады, ол жерде осы жеке пәннің 800 термині қамтылған болатын.

Ж.Б.Ахметовтің «Патологиялық анатомия» оқулығының жеке бөлімі де алғаш рет «Ана тілі» баспасында (1993ж, 352 бет) шыққанын айта кеткеніміз жөн. «Патологиялық анатомия» оқулығының екінші,жалпы бөлімі «Білім» баспасынан 1995 жылы басылып шықты. Автордың осы оқулықтары 1995 жылы Денсаулық сақтау Министрлігінің медицина саласында қазақ тілінде жазылған оқулықтар арасында 3-орын алып, арнайы сыйлықпен марапатталды.

Ж.Б Ахметов 1989 жылдан бері өз мамандығымен бір қатарда тілді дамыту, қазақ тілді терминдер жасау мәселесіне үзбей ат салысып келеді. Қазақ Ұлттық медицина институты жанында құрылған «Республикалық медициналық терминдер қалыптастру орталығының» белді мүшесі.

Ж.Б.Ахметовтің «Патологиялық анатомия» оқулықтары 2004,2008 және 2012 жылдары үш рет қайта басылып шықты.

Ж.Б.Ахметовтің қатынасуымен сол кездегі Алматы медицина институтында «Орысша-қазақша медициналық сөздік»(Алматы,1999 ж, 352 бет), «Ағылшын-қазақша медициналық сөздік »(Алматы,2003 ж, 600 бет) «Гистология, цитология және эмбриология» оқулығы (Астана,2005 ж, 400 бет) жарық көрді.Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында басылған 21 мақаласында Ж.Б. Ахметов ғалым есебінде, ұлт жанашыры есебінде де көрсетіп тұр.

2004 жылы Ж.Б.Ахметов медицина саласында жаңа бағыттағы оқулықтар және сөздіктер жазғаны үшін «Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығы» тарапынан арнайы, Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалмен марапатталып, жылдың үздік оқытушысы деп танылды. Денсаулық сақтау Министрлігі «Медицина саласының үздігі» деген төс белгімен марапаттады. (2004)

Ж.Б.Ахметов өз саласының аса білгір маманы, 10 жыл қатарынан Қалалық Денсаулық сақтау Департаментінің бас маманы болды, қазіргі таңда Алматы қаласындағы патологиялық анатомия мамандары, клиницистер, ғылыми институттар бөлімдері әрдайым осы кісінің консультациясына жүгінеді.

Оқулықтары қайта басылып шығуда, соңғы 2012 жылғы, «Патологиялық анатомия» оқулығының көлемі 742 бет, бүкіл Республика жоғары орындары осы оқулықты пайдаланып отыр. Бұл оқулық Жоғары оқу орындары қауымдастығы тарапынан басылып шыққандықтан Республикадағы барлық университеттерге таратылған, Аль-Фараби атындағы Ұлттық университетте де осы оқулықтың 50 данасы бар екендігін мақтанышпен айта аламыз.

Ж.Б.Ахметов ғылым саласында да үзбей қызмет атқарып келеді, 150-тан астам ғылыми жұмыстардың авторы, екі медицина ғылымдарының кандидатын дайындап шыққан. Қазіргі таңда 3-ғылыми бағдарлама (проект) бойынша қызмет атқаруда. Университетте студенттерді модуль жүйесі бойынша оқытуға байланысты, 2013-2014 оқу жылынан бастап «Патологиялық анатомия кафедрасының модулі бойынша» кафедра меңгерушісі болып тағайындалды.

Тіл мәселесі, терминология мәселесі профессор Ж.Б.Ахметовті әрдайым толғандырып келеді, сондықтан «Жалғауларды дұрыс жалғасақ»(2012), «Жүйкені тоздырған жіңішкелік белгісі»(2012 ж, Ана тілі), «Өз әліпбиімізді түзете алмай жүріп, латын біздің не теңіміз» (2013) деп үзбей дабыл қағып келеді. Соңғы мақаласында «қазақ әліпбиінде неше әріп болуын шешпей отырып латын әліпбиіне өту, қазақ тілін құрту деген сөз, тіл мамандары қазақ тілінде-9 дауысты, 17-дауыссыз дыбыс бар дейді, әр дыбысқа бір әріп сәйкес келеді деп есептесек, әліпбиімізде 26 әріп болуы тиіс, ал бізде 42 әріп. Осы мәселе шешілмей біз латын әліпбиіне көше алмаймыз. Ахмет Байтұрсынов атындағы «Тіл білімі институты» бұл мәселе бойынша өз ойларын ашық айтпай отыр, егер біз 42 әріппен латынға өтетін болсақ, нағыз былық сонда басталады. Сондықтан Қазақстан халқы қазақ тіліне толық көшпей, бұл мәселені қозғау ерте. Әліпби құрамы, оның таңбасы мен емле-ережелері жан-жақты талқыланбай, тіл мамандары бір мәмлеге келмей, бұл мәселе шешілмейді. Әліпби-ұлт тағдыры, тіл жоқ жерде ұлт та жоқ, сондықтан латын графикасына ертең өтуге дайын желөкпелерден, қазақ тілінің науқандық «жанашырларынан» сақтану керек, себебі ертелі-кеш латын әліпбиіне көшеміз, бірақ алдымен өз әліпбиімізді түзетіп алуымыз керек, дейді.

Термин жасау жұмысы әрі қарай жалғасуда. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик А.Құсайыновтың Алғыс хатында (Алматы, 2014ж): Аса қадірлі Жауғашты Байназарұлы сіз

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылы 29 маусымдағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарына арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясында өткізілген «Терминологиялық лексиканы безендіру, терминологиялық қорды толықтыру, терминдерді қазақ тілінің жазу нормаларына сәйкестендіру» мәселелері бойынша өткізілген көптеген жиындарға қатынасып, термин жасаудың ғылыми мектебінен өтіп, аса маңызды мемлекеттік деңгейдегі жобаны іске асыруға тікелей атсалыстыңыз. Сізге осы жобаға қатысып, сала терминологиялық сөздігін жасауға қосқан үлкен еңбегіңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін, делінген. Енді , 2014 жылы, Қазақстан ПҒА қолдауымен, көп салалы, көп томдық, «Орысша –қазақша , қазақша-орысша » сөздік шығады,соның бір авторы да Жауғашты Байназарұлы Ахметов.


д.м.ғ.профессор Д.Қияшев

АСА ҚҰРМЕТТІ ЖАУҒАШТЫ БАЙНАЗАРҰЛЫ !

Сізді Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы атынан 70-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз саналы еңбек жолыңызды жастарды тәрбиелеуге, оларға жан-жақты медициналық білім беруге арнап келесіз, медицина саласындағы терминдерді қазақша сөйлеткен алғашқы ғалымдар санатындасыз. С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінде шығып жатқан медициналық сөздіктердің авторларының бірісіз. Мемлекеттік тапсырма бойынша біздің Академияда дайындалып жатқан көп салалық сөздіктің шығуына да ат салысып келесіз. Сіз 150-ден астам ғылыми еңбектің, 4 оқулықтың, 4 сөздіктің авторысыз. Сіз А.Байтұрсынұлы атындағы “Саңлақ автор” медалімен, Денсаулық сақтау министрлігінің “Денсаулық Сақтау ісінің үздігі ” төс белгісімен марапатталған медицина саласында да, педагогика саласында да танымал ғалым, білікті мамансыз.

Сізді 70-жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыңызға береке-бірлік, қызметіңізге зор табыс тілейміз!

Қазақстан Педагогикалық
Ғылымдар Академиясы
президенті, академик



А.Қ.Құсайынов

*Құрметті
Жауғашты Байназарұлы Ахметов!*

*Сізді 70 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен
құттықтаймын!*

*Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ жұмыс тілеймін!
Иі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың
қағымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне
тілектестік білдіремін.*

*Сізге ақ ниет пен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де
мағыналы өмір, жемісті еңбек пен саққылмас қуат тілеймін.
Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге
толсын. Алла қойған мақсаттарыңыз орындалып, қасыңызда
әрдайым адал достарыңыз бен сенімді серіктеріңіз болсын!*

*Ізгі ниетпен,
Әлібеков Бахытжан Жәнібекұлы*

Құрметті Жауғаиы Байназарұлы!

*Сізді асқаралы 70 жасқа толу мерей-
тойыңызбен Педиатрия және балалар
хирургиясы ғылыми орталығы ұжымы шын
жүректен құттықтайды!*

*• Сізді өмірден көргені мол, парасатты тұлға
ретінде жақсы білеміз. Мамандыққа адалдық,
берік ұстаным, іскерлік қабілетіңіз және үлкен
азаматтық қасиеттеріңіз сізді еңбек жолында
абырой биігіне көтерді. Сіздің жаныңыз жомарт,
қамқор да талапшыл басшы, аяулы аға ретіндегі
абзал қасиеттеріңіз баршамызды тәнті етпей
қоймайды. Кішіге - ұстаз, үлгі-өнегесіз. Осындай
еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың
қасиеттері тек өз отбасыңыз үшін емес,
әріптестеріңіз зор мақтаныш.*

*Алда әлі талай асулар мен белес-беделдер бар.
Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де
кіршіксіз көңіл, денеңіздің саулығын, отбасының
амандығын тілейміз. Қызыққа толы ғұмыр кешіп,
көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне,
ризашылығына бөлене беріңіз.*

**Ізгі тілекпен
Педиатрия және
балалар хирургиясы
ғылыми орталығының
директоры, м.ғ.д.**



Боранбаева Р.З.

**С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
Патологиялық анатомия модулі кафедрасының меңгерушісі,
профессор Ахметов Жауғашты Байназарұлына!**

Құрметті Жауғашты Байназарұлы!

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы атынан Сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сізді патология терминдерін қазақша сөйлеткен ғалым, «Патологиялық анатомия» оқулығының алғашқы авторы ретінде танимыз. Білім, ғылым саласын дамытуға белсенді, абыройлы еңбек еттіңіз, табанды еңбегіңіздің арқасында елге сыйлы болған тұлғасыз. Озық ойлайтын қабілетіңіз сізді биік дәрежеге көтергеніне қуаныштымыз.

Үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбекті талап ететін ғылым жолында көптеген талантты жастарға кеңес бердіңіз. Біздің университетпен тығыз байланыста жұмыс жасап, 1992-1996 жылдар аралығында студенттерімізге білім беріп, медицина кадрларын дайындағаныңызды зор мақтанышпен айтамыз. Еліміздің және әлемнің түкпір-түкпірінде осы шәкірттеріңіз қызмет етуде. «Ұлттық тестілеу орталығының» медицина бойынша сарапшысы болуыңыз терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілетіңіздің айғағы. Бұл Сіздің еңбегіңіздің жанғаны.

Сіздей еңбекқор, білікті ұстаз, білгір ғалым еңбегі әділ бағаланып, «Қазақстан Жоғары оқу орындары қауымдастығы» А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалімен, Көкшетау облысы обкомының, Алматы қаласы Бостандық ауданының, Алматы қаласы Денсаулық сақтау департаментінің, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының алғыс хаттарымен марапатталдыңыз. 140-тан астам ғылыми жарияланымдарыңыздың барын, оның ішінде «Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясындағы» 12 мақаланың, орысша-қазақша медициналық сөздіктің авторы екендігіңізді мақтанышпен айтамыз.

Құрметті Жауғашты Байназарұлы!

Жетпіс жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін! Әрбір бастамалы істеріңіз сәттілікке толып, еңбегіңіздің жемісін көргейсіз! Мерейіңіз әрқашан үстем, жүзіңіз жарқын болсын! Жүрегіңіз иманға, ғұмырыңыз шаттыққа толсын.

Құрметпен,

**Университет президенті,
профессор**



Алматы – 2014

У.Әбдібеков

Пікір

*Ж.Б. Ахметовтің «Патологиялық анатомия»
(Алматы, 2004., 668 бет) оқулығына*

Кейінгі жылдары С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық университетінде студенттерге арналған бірнеше оқулықтар дүниеге келді. Әрбір жаңа оқулық біздің енді қалыптасып келе жатқан қазақ тілді медицинаға қосылған үлес. Себебі, медицина саласында оқулық жазу үшін біріншіден, сол саланың мықты маманы болу қажет. Сондықтан, қазақ тілінде жазылған медициналық оқулықтар саны, өкінішке орай, саусақпен санарлықтай ғана.

Біз пікір жазып отырған «Патологиялық анатомия» оқулығының авторы Ж.Б.Ахметов кейінгі 15 жыл ішінде, өз саласында және медицина терминдерін қалыптастыруда үзбей еңбек етіп келе жатқан ғалымдарымыздың бірі. Ол университет ректоры, профессор Т.Ә.Момынов, академик А.Рақышев басқаруымен шыққан «Медициналық сөздіктердің» (1999, 2003 жж), «Ағылшынша- қазақша медициналық сөздіктің» (2003 ж.) құрастырушыларының бірі және университет көлеміндегі арнайы терминологиялық комиссияның тұрақты мүшесі.

Ж.Б.Ахметов 1993 жылы «Патологиялық анатомия» оқулығының жеке бөлімдерін (Алматы, «Ана тілі» - 352 бет) оқушы қауымға ұсынған болатын. Сонымен қатар, ол «Патологиялық анатомия терминдерінің орысша-латынша – қазақша түсіндірме сөздігінің » де авторы (Алматы, 1994 ж). Автордың осы оқулықтары 1995 жылы Денсаулық Сақтау Министрлігі тарапынан бағалы сыйлықпен марапатталғаны белгілі.

Ж.Б.Ахметовтың жаңа оқулығы (жалпы көлемі-43 баспа табақ) патологиялық үрдістер мен (қан айналуының бұзылуы, иммунопатологиялық үрдістер, қабыну, ісіктер және т.б.) бір қатарда, ең жиі кездесетін аурулардың этиологиясы, патогенезін, оның морфологиялық негіздерін білу өте маңызды. Енді осы оқулықтың бізді қызықтырған «Балалар ауруы» бөліміне тоқтай кетсек. Бұл оқулықта гаметопатиялар, пренаталды және перинаталды кезеңдер патологиясы нақты және толық қамтылған. Бластогенез, эмбриогенез және фетогенез

кезеңдері «Аурулардың 10- Халықаралық жіктелуіне» сәйкес берілген. Әсіресе, туа пайда болған кемістіктердің: жеке ағзаларда кездесетін, кейбір жүйені қамтитын және өте күрделі түрлері егжей-тегжейлі талқыланған. Оқулықтың осы бөліміндегі макро - және микросуреттер біздің негізгі оқу базамыз болып саналатын Орталық қалалық балалар прозектурасынан алынғандығын есепке алсақ, студенттер үшін бұл өте қызықты материалдар екендігі сөзсіз. Осы бөлімде жатыр ішіндегі дамитын инфекциялардың негізгі түрлері, бала жолдасы патологиясы, «өлі туған бала», «тірі туылған бала», «шала туылған бала», «мерзімінде немесе мерзімінен өтіп туылған бала» анықтамалары толық келтірілген. Туылу жарақаттары мен туылу зақымданулары және басқа да нәрестелер патологиясы жан-жақты талқыланған. Осылайша, оқулықтың «Балалар аурулары» тарауы педиатрия бөлімінің студенттеріне осы патология бойынша толық мәлімет бере алады.


Оқулықтың сыртқы безендірілуі де, ішкі көрінісі де, қазіргі таңдағы кітап басып шығару мүмкіншіліктеріне сай жасалған. Тек өкініштісі, микросуреттерді автордың түрлі-түсті етіп шығара алмағандағы. Оқулықтың кемшін кеткен тұстарына оқулық мәтінінде кездесетін орфографиялық қателіктерді айтуға болады.

Сонымен, Ж.Б.Ахметов өзінің термин жасау жүйесіндегі жетістіктерін, көптеген жылдар бойы жинақтаған мол педагогикалық және тәжірибелік еңбектерін толық пайдалана отырып, әрі ғылыми, әрі студент қауымына түсінікті, дәрігерлерге, ғылыми қызметкерлерге де аса қажет патологиялық анатомия пәнінің оқулығын жазған. Бұл оқулық тек патологиялық анатомия саласында ғана емес, жалпы медицина ғылымына қосылған зор үлес, келешекте ол басқа да қазақ тілді оқулықтардың жарық көруіне түрткі болары сөзсіз.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық Ғылым Академиясының
академигі, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты, м.ғ.д. профессор К.С.Ормантаев*



Патологиялық анатомия – құпиясы түпсіз ғылым



Жауғашты Байназарұлы

Адам өмірінің арашашысы – дәрігер болу кез келгеннің қолынан келмейді. Тәндерін дерт меңдеген сырқаттармен бірге «ауырып», олардың жандарындағы мұңдарын күн сайын бірге бөлісу, өлім мен өмір арасындағы халі мүшкіл сырқаттың жанынан сағат сайын табылу үшін тек кәсіби маман болу жеткіліксіз. Дәрігер болу үшін ең алдымен адам бойында мейірімге толы жүрек, өз кәсібіне деген адалдық, біліктілік, қажет кезде шұғыл шешім қабылдауға қабілетті батылдық қасиеттер қажет. Бойында осы қасиеттер тоғысып, үйлесім тапқан жандар ғана аталмыш кәсіпті өмір бойы өзіне серік етеді. Осындай ақ халатты абзал жандар жайлы сөз қозғағанда С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, патологиялық анатомия кафедрасының модулі бойынша кафедра меңгерушісі, тәжірибелі дәрігер-патологоанатом, айтулы ғалым, ұлтжанды азамат Жауғашты Байназарұлы Ахметовты атамай өту мүмкін емес. Бүгінгі таңда Қазақстан патологоанатомдардың патриархы саналатын дәрігер-ғалымның ғибратты ғұмыры кішіге өнеге, қатарлас әріптестеріне мақтаныш, туған ұлтына мәртебе. Сонау 60-жылдары Самарқанд медицина институтын үздік бітірген патологоанатомның бар ғұмыры осы патологиялық анатомия саласымен тығыз байланысты. Бүгінде ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздік қызметкері, А. Байтұрсынов атындағы медаль иегері

Жауғашты Байназарұлы Өзбекстанның Тамды ауданының тумасы. 1960-66 жж. Самарқанд медициналық институтын үздік бітіріп, үш жыл бойы Украинада ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді. Ғылым саласына бұрған Жауғашты Байназарұлы Харьков қаласында аспирантураға түсіп, 27 жасында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, патология ғылымы бойынша тұңғыш қазақ тілінде оқулық жазып шығарды. Ал 1971-79 жж. сегіз жыл бойы Самарқанд мединститутында студенттерге өзбек және орыс тілінде аталмыш пән бойынша дәріс оқыды. Тәжірибелі маман өзінің патологиялық анатомия саласына біржолата бет бұруына себеп болған жәйтті бүгінгі күні тебірене еске алады. Оның айтуынша, 1968 жылы Самарқанд, Тәжікстан, Түркіменстан елдерін тырысқақ ауруы бойынша эпидемия жайлағанда оның зардабы мен салдарын анықтау мақсатында ең алғашқы патологиялық тексеру жұмысына кіріседі. Аталмыш дерттен көз жұмған сырқаттарға аутопия (мәйітті ашып көру) арқылы қойған диагноздары білікті мамандар тарапынан жоғары бағасын алып, мойындалады. Осы ең алғашқы тәжірбесін жасағанда ол небәрі 24 жаста еді. 1979 жылы Қазақстанға қоныс аударып, күні бүгінге дейін өзінің сүйікті мамандығы бойынша табысты еңбек етіп келеді.

Биопсия жасауға біліктілік қажет

...Мектеп қабырғасында «Адам анатомиясы» пәнін бәріміз де оқыдық. Бірақ бүгінде көбейту кестесін жатқа айтқанымызбен, сол анатомия пәні бойынша игерген білімімізді қажет кезде бірден есімізге түсіре алмайтындығымызды ашық мойындауымыз керек. Осының өзінен-ақ анатомияның қандай қызықты болса, соншама күрделі ғылым екенін аңғару қиын емес. Жалпы анатомия жайлы сөз қозғағанда, онымен әркез қабысып жататын патологияны, патологиялық анатомияны айналып өту тіпті қиынсыз. Түптеп келгенде, патологиялық анатомияны ғылым мен дәрігерлік тексерістің үйлесім тапқан бір айтулы саласы деуге болады. Қатардағы жандарға ғана емес, жалпы ортада да күрделілігімен ерекшеленетін әрі екінің біріне құпиясын аша қоймаған осынау ғылымның діттеген негізі нысанасы не? Патология- дерттік, ал анатомия – тірі жан иесінің дене құрылысын, тұтастай ағза мүшелерін тексеру. Патологоанатомдардың басқалардан ең басты ерекшелігі – қандай дертте де дәрігерлердің сырқатқа қойған диагнозының анық-қанығын биопсия жасау арқылы қате ме, жоқ па дәлелдеп шығу. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі күні патологоанатом-мамандарға түсетін салмақ екі есе десе де болады. Десек

те, бізге түсініктірек болу үшін патологиялық анатомияның зерттеу нысанының қыр-сыры туралы дәрігер-ғалымның өз аузынан естіп көрелік...

Жауғашты Ахметов, патологоанатом:

- Қатардағы дәрігерлерден патологоанатомдардың ерекшелігі де сонда, олар қандай да бір сырқатқа сала мамандарының қойған диагнозын биопсия жасау арқылы тексеріп, бекітеді. Жалпы, қандай да бір ауруды анықтау үшін алдымен биопсия жасалады. Ал биопсия – сырқаттың ағзасынан алынатын кесінді материал. Ол әлбетте сырқаттың ауру диагнозын дұрыс қою үшін қажет. Біздің тәжірибемізде биопсияның түрлері қандай көп болса, оны алу тәсілдері мен жолдары да соған сай әртүрлі. Бір ғана мысал, сырқатқа операция жасалып жатқан сәтте алынатын биопсия – цитобиопсия (cito – жедел деген сөз) деп аталады. Жалпы осындай күрделі ота жасау кезінде де, асқынған ауруларды нақтылауда да биопсия жасаудың маңызы өте зор. Яғни биопсия жасау арқылы сырқаттың болашақтағы тағдыры мен жасалатын операция ауқымы нақтыланатын болады. Мысалы, әйел адамдардың сүт безіне, сондай-ақ, асқазан-ішек, ас қорыту жолдарының түрлі асқынған қатерлі ісік ауруларына ота жасаудың алдында мамандар міндетті түрде патологоанатомдардың жасаған биопсиясының қорытынды нәтижесін күтеді. Кез келген алынған материал патологиялық анатомия бөлімінде қаралып, одан кейін арнайы зертханада тексеріледі. Араға 4 күн салып, патологоанатом-дәрігер биопсияны микроскоп арқылы қарап, нақты диагнозды қойып, бекітеді. Бұл аурулардың емделуіне бағыт беретін, нақты көрсеткіш деуге болады. Бүгінгі таңда аса көп тараған эндоскопиялық биопсиялар саны жетерлік. Атап айтқанда, жиі қолданылатын биопсияларға ішектер мен асқазаннан, өңеш пен тыныс алу жолдарынан алынатын биопсияларды жатқызуға болады. Жалпы патологиялық анатомиядағы биопсияның адам өмірі мен денсаулығы үшін маңыздылығын бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Биопсия қатерлі ісікті дер кезінде анықтау үшін таптырмас амалдың ең бірегейі десе де болады. Мәселен, асқазандағы қатерлі ісік ауруы жаңа-жаңа басталған кезде биопсия жасалып, анықтау арқылы уақтылы емделетін болса, сырқаттың құлан-таза айығып кетуіне толық мүмкіндігі бар. Ал егер аурудың сатылы даму деңгейін екінші немесе үшінші сатыға жетсе, онда биопсиялық тексеру нәтижелері оның 50 пайызға дейін қысқаруына жол ашады. Мен өз тәжірибем бойынша айтар болсам, осыдан бірнеше жыл бұрын маған Астана қаласында тұратын бір ер-азамат қатерлі ісік ауруы деген диагнозбен биопсия жасатуға келді. Оның

қолындағы алғашқы тексеру нәтижесі аты жаман ауруды айғақтаса, менің зерттеуім тіпті басқа сырқаттың белгілерін көрсетті. Дәрігерлерге мен өзім жасаған биопсия қорытындысын дәлелдеп шығуымның негізінде сырқат емделіп, қазір ауруынан толықтай айықты. Сондай-ақ, маған бірде құрсағында бес айлық баласы бар жүкті әйел келді. Оған дәрігерлер аналық бездер өскін (киста) бар деп сараптама жасапты. Оны да мен биопсия негізінде толықтай қарап, оңтайлы емдеу әдістерін ұсындым. Мен мұның бәрін өзімді мақтау үшін айтып отырған жоқпын, керісінше дәрігерлер мен патологоанатомдардың арасындағы тексерістердің ерекшеліктері жер мен көктей екендігін ескерту мақсатында тілге тиек етіп отырмын. Еш жасыратын жоқ, көп жағдайларды патологоанатомдардың еңбектерінің тиісінше бағаланбай жататындығын айтпағанда, оның жұмысын қатардағы дәрігерлердің өзі мойындағысы келмей жататын кездер де болады. Өйткені патологоанатом дәрігердің сырқатқа қойған диагнозының анық-қанығын тексеріп, қателігін дөп басып айта алатын ең басты сарапшы – маман. Әлбетте, ол сонысымен ерекшеленеді. Кеңес уақытында патологоанатомдарды Ресей мен Украинада ғана даярлады. Біздің Қазақстанда патологоанатомдарды даярлау мәселесі әлі де кемшін түсіп жатқанын айтпай өте алмаймыз. Бізде де мамандар бар, бірақ соның ішінде, өкінішке орай, бүгінгі күні білікті патологоанатомдардың саны саусақпен санарлық. Қазіргі уақытта бұл салада тың зерттеулер мен жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер анағұрлым даму үстінде. Сол себепті де озық методикаларды меңгерген басқа елдердегі медицина орталықтарының тәжірибелі патологоанатомдарын Қазақстанға арнайы шақырып, семинар-тренингтер, тәжірибе алмасу негізіндегі шеберлік сыныптарын ұдайы өткізу бұл саладағы болашақ мамандарға ауадай қажет.

...Жауғашты Байназарұлының елі мен жерін сүйген, оның болашағына немқұрайлы қарамайтын ұлтжанды азамат екендігін оның сан қырлы қажырлы еңбегі мен керек кезде төл кәсібіндегі мүддесін жеке басының мақсаттарынан жоғары қоя білетін қасиеттері одан әрі дәлелдей түскендей. Оған біз дәрігер-ғалымның ғұмыр дерегінің кейбір парақтарына үңіліп отырған сәтте әрі таңқалдық, әрі тамсандық. Басқаны айтпағанда, бір ғана мысал, сонау 1989 жылы Жауғашты Ахметовтың бірнеше жыл бойы көз майын тауысып, еңбектеніп, даярлаған докторлық диссертациясын қорғау үшін Мәскеуге аттануы тиіс кезде жоғары оқу орындарында қазақ тілінде дәріс беретін оқытушы-мамандар жетіспеуіне орай ғылыми жұмысын қорғаудан бас тартып, оқытушылық жолын жалғастыра беруінің өзі неге тұрады?! Мұның бәрі, сайып

келгенде, оның қазақ балаларының болашағына деген алаңдаушылығы мен көрегендігінен хабар берсе керек. Ғалымның осындай азаматтық, кісілік келбетінің келесі бір заңды жалғасы оның оқытушылық жолындағы тағы бір айрықша шешімінен аңғарылды. Оның бір ғана дәлелі, Жауғашты Байназарұлы 1992 жылы тұңғыш рет Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-Түрік университеті ашылғанда оның Кентау қаласындағы филиалына медициналық факультеттің ішінен бір емес, үш бірдей кафедраның ашылуына өзі мұрындық болды. Тіпті, керек десеңіз, осы оқу орнында физиология, патофизиология, патологиялық анатомия кафедраларының ашылуына бастамашы болып қана қоймай, оқу орнындағы жан-жақтан арнайы шақырылған жас мамандарға аталмыш пәндер бойынша оқыту жүйесінің әдіс-тәсілдерін үйретіп, қыр-сырына қанық ету үшін Алматыдан Кентауға отбасымен қоныс аударды. 1992-96 жылдар аралығында төрт жыл бойы университет атынан берілген уақытша қызметтік пәтерде тұрып, қажымай, талмай еңбек етті. Не нәрсені де тақырдан бастау оңай шаруа емес. Ол кезде жаңадан ашылған кафедрада семинар сабақтарында студенттердің түрлі тәжірибелер жасауларына зертханалық құрал- жабдықтараса тапшы болды. Ешкімге иек артпай-ақ , бір күнде оның да оңтайлы шешімін тапқан осы Жәкең болатын. Медициналық құрылғылар мен арнайы құралдарды сатып алуға қыруар қаржы қажет екені түсінікті, сондықтан да ол бұл істің шешімін әріптестік іс-тәжірибе мен ортақ байланыстар аясында бір ізге қоюға болатындығын жіті саналай білді. Сонау Ташкенттен бұрынғы көзкөрген әріптестері мен арадағы байланысының арқасында түрлі медициналық тәжірибе жүргізуге арналған құрал- жабдықтарды өз аяғымен барып тасып әкелуге еш арланған жоқ. Микро- макропрепараттарды , заманауи құрылғылармен микроскоптарды Алматыдан жеткізді. Мұның бәрі оның еліне, жеріне, төл ұлтының болашағы мен келешек дәрігер – мамандардың біліктілігіне немқұрайлы қарамайтындығының айғағы екені даусыз.

Қазақ тіліне медицинада орын бар

...Әдетте емханаларда күнделікті сырқаттарды қабылдау мен емханалардағы стационарлық емдеу жүйесінде қызмет ететін дәрігерлердің көбінің төл кәсіптеріне сай білімдерін жетілдіру мен қандай да бір салада еңбектенуге мұршалары болған күннің өзінде, табандылықтары жете бермейтіні жасырын емес. Бұл тұрғыда бүгінде көп дәрігер-мамандар жауғашты байназарұлынан үлгі алса, ұтпаса ұтылмайды деуге болады. Биопсияның білгірі Жәкең тек

дәрігерлік тәжірибемен ғана шектелген жоқ, патологиялық анатомия мен тұтастай медицина саласындағылыми еңбектер жазып, заманға сай, түсінікті тілде бір емес, бірнеше оқулықтар жазып шығарды. Жауғашты Ахметовтің бірнеше жыл бойы тірнектеп жинаған еңбегі бүгінде «Патологиялық анатомия» оқулығы ретінде толық нұсқада жарыққа шықты. Аталмыш оқулық 2004, 2008, 2012 жылдары үш рет толықтырылып, жоғары оқу орындары мен көпшілік қауымға жол тартты. Қазіргі күні оның осы аталмыш оқулығы Қазақстандағы патологиялық анатомия бойынша қазақ тілінде жазылған жалғыз оқулық десек, еш артық айтқандық емес. Барлық медициналық институт, колледждердегі оқытушылар осы оқулық негізінде дәріс берсе, әлбетте болашақ патологоанатомдар оны жата-жастана оқудан шаршамайды. Жауғашты Ахметовтің ұстанған бағыты қазақ тіліне медицинада да орын бар дегенге саяды. Осы ұстаныма сәйкес ғалым 1994 жылы «Ана тілі» газетіне жазған хатында «Медицина атауларын қазақ тілінде сөйлету – аса күрделі мәселе, себебі олар негізінен латын тілінде туындап, бізге орыс тілі арқылы жеткен. Осыған байланысты латын сөздерін баз қалпында (орысша транскрипциясы түрінде) қалдырған жөн деушілер баршылық, бірақ біздің мақсатымыз – қазақ тілінің бар мүмкіндігін пайдаланып, ана тілінде оқулықтар жазып шығару», - деп атап көрсетті. Оның бұл ойын аталмыш басылым қолдап, жауғашты Ахметов ұсынған 145 терминді «Ана тілі» газеті «медицинада жиі қолданылатын аталымдар» деген тақырыппен басып шықты. Жәкең мұнымен шектелген жоқ, 1994 жылы Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, «Патологиялық анатомия терминдерінің орысша-латынша-қазақша түсіндірме сөздігін» бастырып шығарды. Онда жеке пәннің 800 термині қамтылған. Дәрігер – ғалым 10 жыл бойы қалалық денсаулық сақтау Департаментінің бас маманы болды. Алматыдағы патологиялық анатомия мамандары қашанда оның кеңесіне зәру десек, еш артық айтқандық айтқандық емес. Ол 150- тан астам ғылыми жұмыстардың авторы, екі медицина ғылымының кандидатын даярлады. Медицина саласында жаңа бағытта оқулықтар мен сөздіктер жазғаны үшін «Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығы» тарапынан арнайы А.Байтұрсынов атындағы қола медальмен марапатталып, жылдың үздік оқытушысы деп танылды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Медицина саласының үздігі» деген төсбелгімен марапатталды. Сүттей ұйыған бір отбасының отағасы, сүйікті немерелеріне аяулы ата атанған қарт патологоанатом тәржімелік тәжірибелерімен қатар, оңашада ойын ақ қағаз бетіне өлеңмен өрнектейтін тәп-тәуір ақын.

Арай Сахариева

//Қазақстан – ZAMAN.- 2014.- №11-12.- 19 наурыз.- Б.18

Биопсияның білгірі

Профессор Ж.Б.Ахметов С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің патологиялық анатомия кафедрасының модулі бойынша кафедра меңгерушісі, 48 жылдан бері патологиялық анатомия саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан білгір маман, 10 жыл бойы Алматы қалалық әкімдігі Денсаулық сақтау департаментінің бас маманы болып қызмет істеген. Қазақстандағы Медициналық оқу орындарының студенттері Ж.Б.Ахметов жазған «Патологиялық анатомия» оқулығымен оқып келеді. Алғашқы оқулығы 1993 жылы басылып шықса,соңғы оқулығы 2012 жылы (4 - басылым) баспадан шықты. 2004 жылы медицина саласында жаңа бағыттағы оқулықтар мен сөздіктер жазғаны үшін «Қазақстан жоғары оқу орындарының қауымдастығы» Ж.Б.Ахметовті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қола медальмен марапаттап,жылдың үздік оқытушысы деп таныды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Медицина саласының үздігі» (2004 ж.) деген атаққа ие болды. Мерейтой қарсаңында Ж.Б.Ахметовпен патологиялық анатомия туралы сұхбаттасқан едік.

- Аурудың нақтамасын анықтауда аса маңызды биопсиялық зерттеулер жөнінде не айтар едіңіз?

- Биопсия тірі адаммен материал алып, ауру нақтамасын дұрыс және өз уақытында қою үшін қажет. Биопсияның түрлері де, алыну жолдары да өте көп. Мысалы,ота жасалып жатқан кезде жүзеге асырылатын биопсияны – цитобиопсия деп атайды.(цито – тез, жедел деген сөз). Патологанатом 15-20 минут ішінде ауру нақтамасын анықтап беру үшін керек, себебі ауру наркоз жағдайында жатады. Аурудың арғы тағдыры, жасалатын отаның көлемі осы нақтамаға байланысты. Мысалы, сүт безін оталағанда маммолог-дәрігерлер цитобиопсия жауабын күтеді. Ота кезінде алынған кез келген материал патанатомия бөліміне жіберіледі, материал сол жерде жан- жақты қаралып, әрі

қарай зертханалық зерттеуге бағытталады. 3-4 тәуліктен кейін биопсияны патологоанатом- дәрігер микроскопта қарап патологиялық үрдістердің нақты, гистологиялық диагнозын қояды. Қазіргі таңда мүшелерден арнайы аспаптармен алынатын эндоскопиялық биопсиялардың құрамы артып келеді. Жиі зерттелетін биопсиялар, негізінен, өңештен, асқазаннан, ішектерден, бронхтардан алынатын биопсиялар.

- Биопсияның адам өмірі үшін маңызы қандай?

- Биопсиялық зерттеулердің маңызы ауруды, әсіресе қатерлі ісіктерді, өз уақытында анықтаумен айқындалады. Мысалы, жапония ғалымдарының деректері бойынша, асқазанның қатерлігі ісігі бірінші сатысында анықталса, аурудың 95 пайызы толығымен жазылып кетеді екен, ал егер ауру 2-3 сатыда ғана анықталатын болса, онда бұл көрсеткіш 50 пайызға дейін төмендейді. Эндоскопия мамандары көлемі 0,2-0,5 см ошақтары тауып, бізге жібереді, ол қатерлі ме, қатерсіз бе оны тек патологоанатом ғана анықтайды.

- Гинекология саласындағы биопсияның орны қандай?

- Бұрын тек жатыр қырындысын ғана зерттейтін болсақ, қазір гистероскопиялық әдіспен алынған клиникалық материалдарды да жиі қараймыз. Гинекологиялық оталар кезінде цитобиопсиялар да жиі алынады. Биопсиялық зерттеулердің гинекологиялық аурулар диагнозын қоюда да маңызы өте зор. Көп жағдайларда аурулар жатырдан қан кету белгілерімен келеді. Оның себептері өте көп: қабыну, жүктілік, гормондар тепе – теңдігінің бұзылуы, көпіршікті тығын, хорион – эпителиома және басқа ісіктер. Гистологиялық зерттеулер осы патологиялық жағдайларды бір- бірінен ажыратып, ауруды дұрыс емдеу үшін аса қажет.

- Тәжірибеңізде ерекше жағдайларда кездескен болар?

- Кейде жатыр қырындысында туберкулездік қабыну да анықталады, бұл аурулар арнайы ем алу үшін тубдиспансерге жіберіледі. Гинекологиялық патологияны, әсіресе қатерлі ісіктерді, бір-бірінен ажырату оңай шаруа емес. Мен өз тәжірибемнен бір мысал келтірейін. 27 жастағы әйел жыныс мүшесінен қан кетіп ауруханаға түсті. Қанды тоқтату үшін жатыр қуысын қырып , одан қырынды алынған. Сол материалды бөлім меңгерушісі , медицина ғылымының кандидаты, белгілі патологоанатом (доцент) және кафедра меңгерушісі

(профессор) көріп: жатырдың мезодермалық ісігі деп нақтама қойған екен. Сол материалды мен көріп, бұл жерде ешқандай қатерлі ісік жоқ, биопсияда тек ұрық жұмыртқасының қалдықтары қалған дедім. Осылайша, келіспеушілік туындаған соң, жаңағы әйелді 1 айдан соң қайта шақыртып, диагностикалық қорытынды алдық, ол материлда ешқандай қатерлі ісік жоқ екендігі анықталды. Сөйтіп бір жас әйел аман қалды. Мұндай жағдайлар менің тәжірибемде талай болған. Мысалы, қалалық клиникаға 45 жастағы ер кісі асқазаннан қан кетіп түседі. Ота кезінде хирургтар асқазандағы өзгерістерді қатерлі ісік деп тауып, асқазанның 2/3 бөлігін кесіп алып тастаған. Гистологиялық зерттеуден кейін асқазанда қатерлі ісік емес, мерездік қабыну (сифилис) бар екендігі анықталды. Егер ол ауру әрі қарай асқазанның қатерлі ісігі бойынша емделсе,, онда оның өміріне қауіп төнер еді. Диагноз анықталғаннан кейін ауру арнайы емге жіберілді. Басқа мамандардың пікіріне қосыла салмай, өз диагнозыңды дәлелдеп шығу оңай шаруа емес. Ол дәрігерден біліктілік пен табандылықты талап ететін жағдай.

- Біз патологоанатом-дәрігерлерге сенеміз, бірақ олардың қателіктерге ұшырайтын кездері бола ма?

- Өкінішке қарай , болғанда қандай. Әр жыл сайын Алматыда 300 мыңнан астам биопсиялық зертеулер жүргізіледі. Биопсия саны артқан сайын, патологоанатомдар тарапынан жіберілетін қателіктер саны да көбірек анықталуда, бұл аурудың тағдыры үшін өте қауіпті жағдай. Дәрігер кез келген ауруды қатерлі ісік деп нақтылай салса, оған керексіз оталар жасалып немесе қажетсіз химиотерапиялық емдер жүргізілсе, аурудың өміріне қауіп төнуі мүмкін. Алматы сияқты алып мегаполисте биопсияларды анық ажырата алатын маман-патологоанатомдардың саны өте аз екендігі қынжылтады.

- Бұл мәселенің Қазақстанның басқа аймақтарындағы жағдайы қалай?

- Қазақстан басқа аймақтарында да бұл мәселе шешімін таба қойған жоқ десек, қара аспанды қапылтты деп түсінбегейсіз. 2012 жылы Астанадағы Үкіметтік емханада қаралып жүрген Мәжіліс депутаты, банк жүйесінің белгілі маманы Б. деген кісі, біздің бұрыннан таныстығымызды пайдаланып, өз биопсиясын алып келген еді. Астанада «Қуықасты безінің қатерлі ісігі» деп нақтам қойып, химиотерапияны бастап жіберген екен. Мен мұны көріп, бұл жерде қатерлі ісік жоқ, бірақ ол күмәнді сейілту үшін осы жерде ота жасатыңыз дедім. Отадан алынған материалдан қуықасты безінің қатерсіз ісігі (аденома)

екендігі анықталды. Обыр жоқ дегенде ол кісінің секіргенін көрсеңіз. Бүгінде оның дені сау, бір үлкен мекемені басқарып отыр.

2003 жылы Қарағанды облыстық онкологиялық диспансерінде 12 жастағы балаға: жамбас сүйегінің хондросаркомасы (қатерлі ісік) пайда болған деп нақтама қойылыпты. Мен нақтаманың дұрыс еместігін айтып баланы Республикалық онкология институтына жатқыздым. Осы жерде жамбасына ота жасалды. Нақтама бойынша алыпжасушалы ісік (қатерсіз ісік) екені анықталды. Бүгінде Мұхамедәлі он төртте , дені сау, жүгіріп жүр. Осы екі жағдайда патологоанатомдар қателік жіберіп алды. Сол қойылған диагноздармен химиотерапия алғанда...

- Адамды қорқытады екенсіз. Патологоанатомдардың біліктілігін қалай көтереміз?

- Егер дұрыс диагноз қоюға патологоанатомдардың білімі жетпей жатса, бұл медицина саласы үшін аса қауіпті. Оның нәтижесі қалай болуы мүмкін екендігін мына мысалдан көруге болады. 2012 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің бір студентінің биопсияның қарадым. Қалаға белгілі патологоанатом - маман қарап: бас терісі меланомасының Кларк бойынша 2-3 сатысы нақтама-сын қойыпты. Меланома өте қатерлі, тез көшік (метастаз) беретін ісік. Студенттің жасы жиырмада, төбесінде қарайып өскен ісік. Сол ісікке Шпиц невусы (қатерсіз ісік) деп диагноз қойып, Алматыдағы басқа мамандар дауласып жүрмесін деп, ата-анасына Мәскеудегі онкология институтына кеңеске баруға ақыл қостым. Онда менің нақтамама дұрыс деп табылды. Қазір сол студент 5- курста оқып жүр, меланома белгілері жоқ.

Шынында да, бүгінде патологоанатомдарды дайындау деңгейі Республика бойынша өте төмен. Оларды дайындайтын білгір мамандар жеткіліксіз. Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан бұл мәселеге баса көңіл бөлініп ,қомақты қаржы жұмсалып , елде патологоанатомдарды түбегейлі дұрыс та сапалы дайындауды жолға қою қажет. Оқытушы – профессорлардың біліктілігін шетелдегі ғылыми орталықтарға жіберіп көтеру парыз.

- Сонымен, қымбат уақытыңызды бөліп әңгімелескеніңіз үшін сізге көп рахмет. Алдағы уақытта да қырағы болып, халқымыздың денсаулығын жақсарты беріңіз.

Асқаралы 70 жасқа толған профессор Жауғашты Байназарұлы Ахметовті мерейтойымен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, қажыр-қайрат, қызметіне табыс және отбасына береке-бірлік тілейміз. Мерейтойың құтты болсын, әріптес дос!

Х.Н. Нұржанов профессор.

//Денсаулық.- 2014.- №3.- Б.14-15

Тілдің де білгірі болып кеттім

Медицинада өз ісін жетік білетін мамандар аз емес. Сондай маманның бірі – Жауғашты Ахметов. Ол еліміз егемендік алған жылдары алғашқылардың бірі болып медициналық терминдерді қазақшалап, үлкен істің басы-қасында жүрді. Мұның жемісін көрді де. А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалімен марапатталған ғалымды бүгінде үзеңгілес әріптестері «Биопсия білгірі» деп біледі. Біз «Денсаулық сақтау саласының үздігі», С.Д.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университетінің «Патологиялық анатомияның модулі» кафедрасының меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер-патологанатом Жауғашты Байназарұлын әңгімеге тартып, осы саланың қыр-сырымен жіті танысып едік.



Жауғашты Ахметов,
С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық медицинлық
университетінің кафедра
меңгерушісі, жоғары санатты
дәрігер-патологанатом;



– Патологиялық анатомия саласы нені зерттейді? Әуелі осы жөнінде айтып берсеңіз...

